

ӘОЖ 81'272

ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – ЕЛ ДАМУЫНА АПАРАР ЖОЛ

Нажімова Айгуль

nazhimova12@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті, 1- курс
Ғылыми жетекшісі – Карбаева Г.К.

Қазақстан қанша жыл бойы сындарлы саясаттың құрбаны болып, елдігінен, азаттығынан айырылып, бодан халық болып келгені тарих беттерінен бізге жеткен. Алайда алда қанша сынақтар күтіп алғанымен елдік рухымыз бен намысымызды қолдан бермей Қазақстан Республикасы деген атауға қол жеткіздік. Мемлекет болып аяққа тұру, әрине, оңайшылықтардан тұрмады, халықты алға жетелеп, өзге елдермен терезесі тең болуы үшін тұңғыш президентіміз Н. Ә. Назарбаев қаншама реформалар, стратегиялар мен

жолдауларды арнаған болатын. Халыққа жолданған әрбір мақала мен жоба елді дамуының тағы бір жоғары сатысына алып келді.

«Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық. Осылайша, төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың «Мәңгілік ел» мұратын қайта жалғадық. Тегеуріні берік, тепкісі қатты заманда тең жарымынан айрылған халқымыз ана тілінен, қасиетті дінінен көз жазып қала жаздады. Дегенмен, соның бәрі халқымыздың рухын жасыта алған жоқ, азаттыққа деген аңсарын жеңе алмады.»,- деп елбасымыз атап өткендей, төрткүл дүниені де, мемлекетімізді де әлем таң қалар инновациялық жаңалықтар шарлап кетсе де, қазақи мәдениетіміз әрдайым жадымызды болуы тиіс. Ал мәдениеттің ең жарқын көріністері, ол: дін, діл және тіл болып табылады. Егер елді елдігінен айырғың келсе, оны тілінен айыру ғана жеткілікті. Жетпіс жыл Кеңес үкіметінің қолшоқпары болған кезде солшыл саясат өкілдері ұлтты өз тілінен бас тартуға итермеледі. Барлық Жоғары оқу орындары орыс тілінде болғандықтан, баласының болашағы үшін алаңдаған ата- аналар орыс тілді мектептерге жіберуге мәжбүр болды. Міне, халықтың санасына сіңіп қалған отаршылдықтың іздерінен біржола арылту үшін 2017 жылы президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын ұсынды [1].

«Рухани жаңғыру» күні кеше басталған жоба емес. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері жүргізіліп келе жатқан іс- шаралардың бәрі халықтың санасын жаңғырту үшін жасалып келеді. Мақалаға зер салып оқыған әрбір қазақстандық еліміз бәсекеге қабілетті болу үшін білім салтанат құрып, сананың ашықтығы орнап, революциялық емес, эволюциялық түрде даму жолына түсуіміз қажет екенін жіті түсуне алады. Мақалада: «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халық-тың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсы-на алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, соны-мен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қа-бі-летімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақ-стандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың сана-тында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы»,- делінген [2].

Алайда оның бәрі бір күнде орнай салу ақылға мүлде сыймайды. Өйткені елдің дамуы оның жастарының қолында. Сол себепті де елдегі үш тілде білім беруге аса назар салып отыр. «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының ХІІ құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Елбасымыз көздеген әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер қатарынан орын алуымызға мүмкіндік беретін басты негіздерінің бірі — жастарымыздың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау болып табылады. Әлемдік білім беру және білім алу кеңістігінде бәсекеге барынша қабілетті кірігудің тиімді жолдарының бірі – әрбір қазақстандық кемінде 3-4 тіл білуі деп атап өтті. бағдарламалар, жобалар қабылдана бастады. Солардың бірі – «Үштілділік» мемлекеттік бағдарламасы. Бастауын елбасымыз Н.Ә.Назарбаев салып берген бұл бағдарлама қазақ тіліне үлкен басымдылық беріп отыр. 2011 жылдан бастап мықтап қолға алынған жоба бүгінгі күні өз жұмысын бастап кетті әрі оң нәтиже беріп келе жатыр. Елбасымыз Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессия отырысында Қазақстан аймағында тұрып жатқан халықтардың басын қосатын тіл қазақ тілі болуы керек деп анық атап айтты:

«Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы шуақтары іспетті [3].

Үш тілді білім беру негізіне қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдері алынған. Орыс тілімен ұлтымызды тарих беттері бірнеше ғасырлар бойы байланыстырып келген болатын. Нақ осы тілді меңгеру арқылы ұлтымыздың зиялылары қараңғылық құрсауынан шығып, білім есегінің кілтін тапқан болатын. Тіпті дана Абай атамыздың өзі: «Орыс тілін оқыңыздар. Ол сіздердің көздеріңізді ашады!»- деген болатын. Оның бұлай деп айтуына себеп болған, шынымен де, білім мен ғылымға орыс тілінің апарарына сенімді болағандықтан емес пе?!

Ағылшын тілі- жаһандану тілі. Қазіргі кезде әлемнің жаңалықтарын танып білу, ашылмаған дүниелерді бар әлемге ашу үшін ағылшын тілі ең жақын серігің болатыны сөзсіз.

Елдің әлемдік сахнадан бой көрсетуі жастардың біліктілігі мен ғылымға құштарлығынан көрініс табады. Себебі ағылшын тілін білу қазіргі уақытта барлық есіктердің ашылуына себеп болады. Өйткені шет тілдерін жетік білу өзге мемлекеттерге білім алуға септігін тигізеді, ал шет елдерде білім алған білікті жастар еліміздің ертеңі.

Нұрсұлтан Әбішұлы атап өткендей: «Бүгінгі заман бой салытыратын емес, ой салыстыратын заман болып отыр». Үш тілді білім беру – тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі кезде қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін – өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы. Негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Үштілдік туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз» десе, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру адамның жеке және кәсіби қызметінің қазіргі қоғамның ажырамас компоненті болып отыр. Осының өзі үлкен көлемде адамдардың практикалық және кәсіби тұрғыда көп тілді меңгеру қажеттілігін тудыруда. Ағылшын тіліне ерте жастан оқыту жақсы әрі еркін меңгеруге ғана емес, сонымен бірге адамның интеллектуалдық, тәрбиелілік және рухани потенциалын жақсартатынын бүгінгі таңда түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Көпжылдық зерттеу көрсеткендей, ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың жалпы және тілдік дамуын реттейді, бастауыш мектепте тәрбиенің жалпы білімдік құндылығын көтереді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге үйретеді. Бүгінде еліміз жаңа ғасырдың табалдырығын абыройлы көрсеткіштермен аттап, дамыған елу елдің қатарына қосылуға бет бұрғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі де әлемдік білім талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сондықтан ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, бүгінгі таңда полимәдениеттілік білімнің базалық құзыреттілігі ретінде танылып отыр [4].

Қадыр Мырза- әлі айтқандай: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей шет тілдерін білумен қатар, мемлекеттік тілдің мәртебесі әрдайым биік тұруы тиіс. Олай деуіме де бірнеше себептер бар. Бүгінгі күні орыс тілі мен ағылшын тілін еркін меңгерген жастарымыз кей жағдайларда қазақ тілін білу қажеттілік деп санамайтын кездері де болып жатады. Бұл көпке топырақ шашқаным емес, алайда кейде патриоттық сезім қазақстандықтардың бойынан табылмағаны қынжылтады. Бұл да сол кездегі Кеңес үкіметнің жасаған солшыл саясатырың қалдырған сызаттары секілді.

Президент «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» деген еді. Міне, мәселе «Үш тұғырлы тілдің» мәнін, маңызын, халық пен болашақ ұрпаққа беретін үлкен пайдасын көпшілік ұғына алмауда. Оған қоса, Елбасымыз 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға

дейін жететініне кепілдік берген [5]. Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмәніміз жоқ деп білемін [6].

Қорыта келгенде, үш тілде білім беру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жасалған бағдарламалардың бірі және бірегейі. Өйткені үш тілде білім беру - ел дамуының кілті десек мүлде қателеспейміз. Қазіргі таңда үш тілде білім беру мектептерде бастауыш сыныптардан бастап енгізіліп отыр. Мұндай жүйе балалардың кішкентайынан білімге деген құштарлығын ашуға көмектесе алады. Алайда бұл жердегі мәселе мектептерде лайықты білім беру үшін кадрлардың жетіспеушілігінде болып табылады. Бірақ мұның бәрі уақытша қиындықтар, себебі қазір жоғары оқу орындары педагогтарды үш тілде сабақ бере алуы үшін білім беруде. Дәл осындай жолдармен мемлекетіміз білім беру саласында көптеген жетістіктерге жете алады. Себебі елдің дамуы ұлттың білімділігінің арқасында ғана жүзеге асуы мүмкін. Бұл, әрине, уақыт еншісінде. Дегенмен елдің білім сапасының жақсаруы мемлекеттің дамыған 30 елдің төрінен орын алуына сепеші болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Елбасының қанатты сөздері- ұрпаққа өнеге (электрондық ресурс) <https://abai.kz/post/>
2. Рухани жаңғыру: Оқу- әдістемелік құрал / Н. Шаяхметов.- Эверо, 2018. -100 бет.
3. Темірғалиев Р. Үш тілді білім беру- жарқын болашақтың кепілі (электрондық ресурс) <http://alashainasy.kz/>
4. Кушербаева Б. А. Үш тұғырлы тіл- ұлттың келешегі (электрондық ресурс) <https://infourok.ru/>
5. Кусембаева З. Болашағымыз- үш тұғырлы тіл (электрондық ресурс) <https://aikyn.kz/>
6. Кушербаева Б. А. Үш тұғырлы тіл- ұлттың келешегі (электрондық ресурс) <https://infourok.ru/>